Главный специалист – секретарь судебного заседания администратора районного и приравненного к ним суда: Амиркулова Айымг
Аудандық және оған теңестірілген соттың судьясы: Тингиспаева Кымбат Сазанбаевна, қол уақыты: 10.09.2025 18:24

Түркістан облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты

Специализированный межрайонный экономический суд Туркестанской области

АТҚАРУ ПАРАҒЫ

№ 5165-25-00-2/1476-1

Түркістан қ, "Жаңа қала" ш\а, 160 орам, 498 учаскі

Түркістан облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты 28.07.2025 ж. талап қоюшы

"ОҢТҮСТІК" аймақтық инвестициялық орталығы" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

(талапкерлердің Т.А.Ә)

Әбдісамет Алма Нұржанқызы

(жауапкерлердің Т.А.Ә.)

соманы өндіріп алу туралы

(орындалу нысанасы)

талап арызы бойынша азаматтық ісін қарап,

Шешім етті/Ұйғарым етті: Дара кәсіпкер «Tulpar-Azamat» Алма Нұржанқызы Әбдісаметтен «ОҢТҮСТІК» аймақтық инвестициялық орталығы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің пайдасына 4 410 (төрт мың төрт жүз он) теңге тұрақсыздық айыбы, төленген мемлекеттік баж 132,30 (бір жүз отыз екі теңге 30 тиын) теңге өндірілсін.

Шешімінің заңды күшіне енуі күні - 08.09.2025 жылы.

Қазақстан Республикасы Конституциясының 76-бабының 3-ші бөлігіне, Қазақстан Республикасы Азаматтық процестік кодексінің 21-бабының екінші бөлігіне сәйкес заңды күшіне енген сот шешімдері, ұйғарымдары, қаулыларымен бұйрықтары, сондай-ақ соттар мен судьялардың заңды өкімдері, талаптары, тапсырмалары, шақырулары мен басқа да жолданыстары барлық мемлекеттік органдар, жергілікті өзін-өзі басқару органдары, қоғамдық бірлестіктер, басқа да заңды тұлғалар, лауазымды адамдар мен азаматтар үшін бірдей міндетті және Қазақстан Республикасының бүкіл аумағында мүлтіксіз орындалуға тиіс. Қазақстан Республикасы Азаматтық процестік кодексінің 241-бабының бірінші бөлігіне сәйкес шешім, дереу орындалатын жағдайлардан басқа, ол заңды күшіне енгеннен кейін, заңмен белгіленген тәртіп бойынша орындалады. Дереу орындауға жататын сот шешімдері Қазақстан Республикасы Азаматтық процестік кодексінің 243-бабында көрсетілген.

«Атқарушылық іс жүргізу және сот орындаушыларының мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 128-бабына сәйкес сот орындаушысының заңды талаптары барлық мемлекеттік органдар, жергілікті өзін өзі басқару органдары, азаматтар

Осы құжат "Электрондық құжат және электрондық цифрлық қолтаңба туралы" Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 7 қаңтардағы № 370-II Заңы 7 бабының 1 тармағына сәйкес.
Данный документ согласно пункту 1 статьи 7 ЗРК от 7 января 2003 года "Об электронном документе и электронной цифровой подписи" равнозначен документу на бумажном носителе.

*штрих-код "Төрелік" ақпараттық жүйесінен алыңған және соттың сот хатшысының электрондық цифрлық қолтаңбасымен қол қойылған деректерді қамтиды.
*штрих-код содержит данные, полученные из информационной системы "Төрелік" и подписанные электронно-цифровой подписью секретаря судебного заседания и судьи.

Главный специалист – секретарь судебного заседания администратора районного и приравненного к ним суда: Амиркулова Айым
Аудандық және оған теңестірілген соттың судьясы: Чингиспаева Кымбат Сазанбаевна, қол уақыты: 10.09.2025 18:24

мен ұйымдар үшін міндетті және Қазақстан Республикасының бүкіл аумағында мүлтіксіз орындалуға тиіс.

Осы атқару парағының негізінде **Түркістан облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты жылы** осыған қатысты барлық лауазымды адамдар мен азаматтарды, сот ШЕШІМІН уақытылы және дәл орындауды міндеттейді.

Барлық мемлекеттік және лауазымды адамдар сот шешімін орындау кезінде сот орындаушысына көмек көрсетуге міндетті.

Атқару парағы аса маңызды құжаттар есебінде сақталуға жатады: тапсырыс хатпен жолданады, жауапкердің қолына берілмейді, жауапкер жұмыс орнынан босатылған жағдайда атқару парағын кәсіпорынның әкімшілігі сот орындаушысына кері қайтарады немесе оның жазбаша сұранысы бойынша беріледі.

Өндірушінің толық атауы және мекенжайы:

Өндірушінің Т.А.Ә., оның тұрғылықты немесе орналасқан жері (мекенжайы), оның тұрғылықты жері бойынша тіркелуі және салық төлеушінің нөмері (егер өндіруші заңды тұлға болса, оның атауы, нақты орналасқан жері немесе бірыңғай мемлекеттік регистрінен мәлімет, банк реквизиттері және салық төлеушінің тіркеу нөмері)

Компаниянын атауы: "ОҢТҮСТІК" аймақтық инвестициялық орталығы" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

БСН: 071040012503

Тіркеу мерзімі:16.10.2007

Меншік нысаны: Жеке меншік

Банк реквизиттері: "Қазақстан Халық банкі" АҚ , «Қазақстан Халық Банкі» АҚ ЖСК KZ926017291000000551 БСК HSBKKZKX

Нақты менкенжайы: ҚАЗАҚСТАН, ТҮРКІСТАН, ТҮРКІСТАН, Т.ркістан қаласы,, Тауке хан, 321

Заңды менкенжайы: ҚАЗАҚСТАН, ТҮРКІСТАН, ТҮРКІСТАН, Т.ркістан қаласы,, Тауке хан, 321

Жауапкердің толық атауы және мекенжайы

Жауапкердің Т.А.Ә., оның тұрғылықты немесе орналасқан жері (мекенжайы), оның тұрғылықты жері бойынша тіркелуі және салық төлеушінің нөмері (егер жауапкер заңды тұлға болса, оның атауы, нақты орналасқан жері немесе бірыңғай мемлекеттік регистрінен мәлімет, банк реквизиттері және салық төлеушінің тіркеу нөмері)

Т.А.Ә.: Әбдісамет Алма Нұржанқызы

Туған жылы: 17.01.1998

ЖСН: 980117400382

Туған жері: КАЗАХСТАН, ТУРКЕСТАНСКАЯ ОБЛАСТЬ, ТУРКЕСТАН

Құжаттың нөмірі 036852907

Берілген күні 18.08.2014 жылы ҚР ІШКІ ІСТЕР МИНИСТРЛІГІ

Заңды мекенжайы: ҚАЗАҚСТАН, ТҮРКІСТАН, ТҮРКІСТАН, МИКРОРАЙОН Жаңа Қала, УЛИЦА 32 19, кв.41

Нақты менкенжайы: ҚАЗАҚСТАН, ТҮРКІСТАН, ТҮРКІСТАН, МИКРОРАЙОН Жаңа Қала, УЛИЦА 32 19, кв.41

Аудандық және оған теңестірілген соттың судьясы: Чингиспаева Кымбат Сазанбаевна, қол уақыты: 10.09.2025 18:24

Осы құжат "Электрондық құжат және электрондық цифрлық қолтаңба туралы" Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 7 қаңтардағы № 370-II Заңы 7 бабының 1 тармағына сәйкес.
Данный документ согласно пункту 1 статьи 7 ЗРК от 7 января 2003 года "Об электронном документе и электронной цифровой подписи" равнозначен документу на бумажном носителе.

*штрих-код "Төрелік" ақпараттық жүйесінен алынған және соттың сот хатшысының электрондық цифрлық қолтаңбасымен қол қойылған деректерді қамтиды.
*штрих-код содержит данные, полученные из информационной системы "Төрелік" и подписанные электронно-цифровой подписью секретаря судебного заседания и судьи.

Осы құжат тармағына
Данный до
носителе.

*штрих-ко
*штрих-ко

Аудандық және оған теңестірілген соттың судьясы **Чингиспаева Кымбат Сазанбаевна**

Аудандық және оларға теңестірілген сот Әкімшісінің сот отырысының бас маманы хатшысы **Амиркулова Айымгул Кураловна**

Шығарылу күні 10.09.2025 жыл



Аудандық және оған теңестірілген соттың судьясы: Чингиспаева Кымбат Сазанбаевна, қол уақыты: 10.09.2025 18:24

Осы құжат "Электрондық құжат және электрондық цифрлық қолтаңба туралы" Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 7 қаңтардағы № 370-II Заңы 7 бабының 1 тармағына сәйкес.
Данный документ согласно пункту 1 статьи 7 ЗРК от 7 января 2003 года "Об электронном документе и электронной цифровой подписи" равнозначен документу на бумажном носителе.

*штрих-код "Төрелік" ақпараттық жүйесінен алынған және соттың сот хатшысының электрондық цифрлық қолтаңбасымен қол қойылған деректерді қамтиды.
*штрих-код содержит данные, полученные из информационной системы "Төрелік" и подписанные электронно-цифровой подписью секретаря судебного заседания и судьи.

Тігілген, нөмірленген
Прошито и пронумеровано
2 параққа (листах)
Судья К.Чингиспаева.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М

2025 жылғы 28 шілде №5165-25-00-2/1476 іс Түркістан қаласы

Түркістан облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты құрамында:
төрағалық етуші судья К.С.Чингиспаева,
сот отырысының хатшысы А.Амиркулованың қатысуымен
ашық сот отырысында қойылған талап бойынша азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
«ОҢТҮСТІК» аймақтық инвестициялық орталығы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

ЖАУАПКЕР:
Дара кәсіпкер «Tulpar-Azamat» Алма Нұржанқызы Әбдісамет

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ:
1. Мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану
2. Тұрақсыздық айыбын өндіру туралы

СОТҚА ҚАТЫСҚАНДАР
талап қоюшының өкілі А.Абдиқұлұлы
жауапкер А.Н.Әбдісамет

СИПАТТАУ БӨЛІГІ:

2025 жылғы 25 сәуірде «ОҢТҮСТІК» аймақтық инвестициялық орталығы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі (бұдан әрі - талап қоюшы, тапсырыс беруші) мен дара кәсіпкер «Tulpar-Azamat» А.Н.Әбдісамет (бұдан әрі - жауапкер, өнім беруші) арасында №41 санды электронды түрде тауарларды мемлекеттік сатып алу туралы шарты (бұдан әрі - шарт) түзілген.

Шарттың №1 қосымшасына сай жауапкер шартқа қол қойылған сәттен бастап 15 күнтізбелік күн ішінде 294 000 теңгеге 14 дана кеңсе креслосын (бұдан әрі - тауар) жеткізіп беруге міндеттеме алған.

Шарттың №2 қосымшасында (техникалық ерекшелігі) сатып алынатын тауардың функционалдық, техникалық, сапалық және пайдалану мінездемесі қамтылған.

Талап қоюшы сотқа талап қоюмен жүгініп, онда жауапкер техникалық ерекшелікке сай тауарды жеткізбей, өз міндеттемелерін тиісінше орындамағаны үшін, оны мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тануды және 4 410 теңге тұрақсыздық айыбын өндіруді сұраған.

Жауапкер жазбаша қарсы пікірінде талап қоюмен келіспей, 2025 жылғы 19 мамырда тапсырыс берушінің кеңсесіне 14 дана кеңсе креслосын апарып бергенімен, талап қоюшы түрлі сылтауды айтып, креслоның биіктігі мен ені сәйкес бола тұра, техникалық ерекшеліктегі көрсетілген биіктігі 114 см кем емес, ені 60 см кем емес деген сипаттамаға сай келмеуіне байланысты тауарды қабылдаудан бас тартқанын көрсеткен.

Одан басқа, жауапкер пікірінде талап қоюшының сұраған кеңсе креслосының бір данасының құны кемі 100 000 теңге тұратын модельді айтқанын, ал ұтқан бағасы 21 000 теңгені құрайтындықтан талап қоюмен келіспейтіні және кешіктірілген 9 күнге 2 646 теңге айыппұл көлемін белгілеуді сұраған.

Талап қоюшының өкілі А.Абдикулұлы талап қоюды қолдап, жауапкерге міндеттемесін тиісінше орындау туралы хабарламалар жолданғанын көрсетіп, талап қоюды қанағаттандыруды сұрады.

Жауапкер А.Н.Әбдісамет талап қоюды мойындамай, қарсы пікірдегі уәждері бойынша талап қоюды қанағаттандырусыз қалдыруды сұрады.

УӘЖДЕУ БӨЛІГІ:

№1 талабы бойынша

Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің (бұдан әрі - АК) 272, 277-баптарына сәйкес, міндеттеме – міндеттеме шарттарымен заң талаптарына сәйкес тиісінше және мерзімінде орындалуға тиіс.

АК-нің 392-бабының 1,2-тармақтарына сәйкес сот шарт ережелерін түсіндірген кезде ондағы сөздер мен сөйлемдердің сөзбе-сөз мәні ескеріледі. Шарт ережесінің сөзбе-сөз мәні түсініксіз болған ретте ол бүкіл шарттың басқа ережелерімен және мағынасымен салыстыру арқылы анықталады.

Егер осы баптың бірінші тармағындағы ережелермен шарт мазмұнын анықтау мүмкін болмаса, шарт мақсатын ескере отырып тараптардың шын мәніндегі ортақ еркі анықталуға тиіс. Бұл орайда шарт жасасу алдындағы келіссөздер мен хат жазысуды, тараптардың өзара қатынастарында орныққан тәжірибені, іскерлік қызмет өрісіндегі әдеттегі құқықтарды, талаптардың бұдан кейінгі мінез-құлқын қоса алғанда, тиісті мән-жайлардың бәрі ескеріледі.

АК-нің 393-бабының 1-тармағына сай тараптар арасында шарттың барлық елеулі ережелері бойынша тиісті жағдайларда талап етілетін нысанда келісімге қол жеткен кезде шарт жасалды деп есептеледі.

Шарттың мәні туралы ережелер, заңдарда елеулі деп танылған немесе шарттардың осы түрі үшін қажетті ережелер, сондай-ақ бір тараптың мәлімдеуі бойынша келісімге қол жеткізуге тиісті барлық ережелер елеулі ережелер болып табылады.

Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік сатып алу туралы» 2024 жылғы 1 шілдедегі №106-VIII ҚРЗ Заңының (бұдан әрі - Заң) 8-бабы 4-тармағының 3) және 4) тармақшасына сай мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылардың тізілімі өздерімен жасалған шарттар бойынша өз міндеттемелерін орындамаған, тиісті түрде орындамаған өнім берушілердің тізбесін білдіреді.

Заңның 17-бабының 4-тармағына сай шарт тапсырыс беруші мен өнім беруші қол қойғаннан кейін күшіне енеді. Егер шарт тіркелуге жататын болса, ол Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес тіркелгенінен кейін күшіне енеді.

Аталған заңның және Шарттың 8.1-тармағының талаптарына сай шарт 2025 жылдың 25 сәуірден бастап күшіне енген. Көрсетілген мерзімнен бастап жауапкердің шарт талаптарын орындау бойынша міндеттемелері туындады.

Шарттың 1.1-тармағының талаптарына сай өнім беруші осы Шарттың ажырамас бөлігі болып табылатын оған қосымшаларда көрсетілген шарттарға, талаптарға сәйкес және баға бойынша тауарды жеткізуге міндеттенеді, ал тапсырыс беруші осы шарттың талаптарымен тауарды қабылдауға және шарт бойынша өнім беруші өз міндеттемелерін тиісінше орындау шартында төлеуге міндеттенеді.

Шарттың №1 қосымшасына сай өнім беруші 294 000 теңгеге тауарды 2025 жылғы 10 мамырына дейін жеткізуге міндеттенген.

Ал, Шарттың №2 қосымшасында кеңсе креслосының техникалық сипаттамасы, яғни негізгі параметрлер: биіктігі: 114 см кем емес, ені: 60 см кем емес, максималды жүктеме 120 кг кем емес; орындықтың жақтауы жоғары механикалық беріктігі мен жүктемелерге төзімділігі бар жоғары сапалы полипропиленнен жасалған және тапсырыс берушіге тауарды жеткізер алдында бір дананы ұсыну көрсетілген.

Істің құжаттарынан анықталғандай, талап қоюшымен жауапкерге 2025 жылдың мамыр айының 13 және 19 күндері жолданған хабарламада техникалық ерекшелікте көрсетілген тауардың жеткізілмегені туралы хабарланған.

Сот отырысында жауапкермен ұсынылған кеңсе креслосын қарау барысында негізгі параметрлер, яғни ені: 60 см кем емес талаптарына сай келмейтіні анықталып, орындықтың жақтауы жоғары механикалық беріктігі мен жүктемелерге төзімділігі бар жоғары сапалы полипропиленнен жасалғанын анықтайтын дәлелдемелер сотқа ұсынылмаған.

Бұл жағдайда, жауапкердің Шарттың №2 қосымшасында көрсетілген шарттардың талаптарына сай креслоның биіктігі мен ені сәйкес бола тұра, тапсырыс берушінің тауарды қабылдамағаны туралы уәждері өз дәлелін таппайды және негізсіз болып табылады.

Сондай-ақ, істің құжаттарынан жауапкер конкурсқа қатысқан уақытта техникалық ерекшелікте көрсетілген талаптармен танысып, осы талаптармен келісіп, шартқа қол қойғаны анықталады.

Сондықтан, сотта зерттелген дәлелдемелерге сәйкес жауапкер шартпен белгіленген міндеттемелерін тиісінше орындамаған, яғни тауарды

жеткізбеген. Аталған мән-жай тараптардың сотта берген түсініктерімен бекиді.

Істің мұндай тұрғысында, талап қоюшының жауапкерді мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талабы сотпен негізді деп танылады және қанағаттандыруға жатады.

№2 талабы бойынша

АК-нің 293-бабына сәйкес, борышқор міндеттемесін орындамаған немесе тиісінше орындамаған ретте, атап айтқанда, орындау мерзімін өткізіп алған ретте несие берушіге төлеуге міндетті, заңдармен немесе шартпен белгіленген ақша сомасы айып төлеу (айыппұл, өсім) деп танылады. Айып төлеу туралы талап бойынша несие беруші оған келтірілген залалдарды дәлелдеуге міндетті емес.

Шарттың 7.3. тармағына сәйкес тапсырыс беруші өнім берушіден өз міндеттемелерін толық немесе міндеттемелерін тиісінше орындамаған жағдайда 0,1 % мөлшерінде тұрақсыздық айыбын өндіріп алады.

Осы нормаға сүйеніп, талап қоюшы сотқа табысталған есепке сай жауапкерден орындалмаған күндеріне есептелген 4 410 теңге тұрақсыздық айыбын өндіруді сұрады.

Істің құжаттарына сай, шарт талаптарын орындау бойынша міндеттемелері 2025 жылғы 10 мамырға орындалуы тиіс болған. Осыған орай, тұрақсыздық айыбы (294 000*0,1 %*15 күн) 4 410 теңгені құрайды.

Істің мұндай тұрғысында, талап қоюшының №2 талабы толық қанағаттандырылуға жатады.

Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексінің (бұдан әрі - АПК) 109-бабына сәйкес жауапкерден талап қоюшының пайдасына төленген 132,30 теңге мемлекеттік баж өндірілуге жатады.

АПК-нің 117-бабына сәйкес жауапкерден мемлекет кірісіне 1 966 теңге мемлекеттік баж өндірілуге жатады.

ҚАРАР БӨЛІГІ:

АПК-нің 223-226-баптарын басшылыққа ала отырып, **сот**

ШЕШІМ ЕТТІ:

Талап қоюшы «ОҢТҮСТІК» аймақтық инвестициялық орталығы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің талап қоюы қанағаттандырылсын.

Дара кәсіпкер «Tulpar-Azamat» Алма Нұржанқызы Әбдісамет мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп танылсын.

Дара кәсіпкер «Tulpar-Azamat» Алма Нұржанқызы Әбдісаметтен «ОҢТҮСТІК» аймақтық инвестициялық орталығы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің пайдасына 4 410 (төрт мың төрт жүз он) теңге тұрақсыздық айыбы, төленген мемлекеттік баж 132,30 (бір жүз отыз екі теңге 30 тиын) теңге өндірілсін.

Дара кәсіпкер «Tulpar-Azamat» Алма Нұржанқызы Әбдісаметтен мемлекет кірісіне 1 966 (бір мың тоғыз жүз алпыс алты) теңге мемлекеттік баж өндірілсін.

Шешімге, АПК-нің 403,404-баптарының талаптарын сақтай отырып шешім түпкілікті нысанда шығарылған күннен бастап, ал сот талқылауына қатыспаған тұлғалармен өздеріне шешімнің көшірмелері жіберілген күннен бастап бір ай ішінде Түркістан облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы Түркістан облыстық сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына шағым, прокурормен өтінішхат берілуі (келтірілуі) мүмкін.

Судья **К.С.Чингиспаева**

Көшірмесі дұрыс:

Судья **К.С.Чингиспаева**

А Н Ы Қ Т А М А

Шешім заңды күшіне енген күні: 08.09.2025 жылы.

Судья **К.С.Чингиспаева**

Тігілген, нөмірленген
Прошито и пронумеровано
3 парақта (листах)
Судья К.Чингиспаева